

Анықтама

Мектеп кітапханасында 8 сынып оқушыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 23 ақпан күні «Аты әлемге мәшһүр жазушы» атты Илияс Есенберлиннің шығармаларын оқу сағаты ұйымдастырылды.

Мақсаты: әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Илияс Есенберлиннің шығармаларын насихаттау, оқырмандарды әдебиет пен тарихқа қызықтыру, жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу, жастарға рухани азық беру.

Шарада кітапханашы қазақты төл тарихымен қауыштырған қаламгердің өмірі мен шығармашылығы туралы кітаптармен таныстырды. Жазушы қазақтың алғашқы ханынан бастап, соңғы ханына дейінгі тарихты қағаз бетіне түсірген. Илияс Есенберлин мұрасы - қазақ әдебиеті мен тарихы үшін алтыннан қымбат қазына. Жазушының қаламынан шыққан шоқтығы биік «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» тарихи трилогиялары оқырманға етене таныс. Сонымен қатар «Қауіпті өткел», «Ғашықтар» романдарын да оқырмандарға оқуға ұсынды.

Илияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысындағы Атбасар қаласында туған. 1940 жылы Қазақ тау - кен институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдарда филармонияны, "Жазушы" баспасын басқарады, т.б. жұмыстар атқарады. Жазушы Алматыда дүние салды. Қазақ әдебиетінде І. Есенберлин - жазған романдарының саны ең көп аса көрнекті жазушылардың бірі. Жазушы "Айқас" (1967), "Ғашықтар" (1968), "Алтын құс" (1971), "Көлеңкемен қорғай жүр" (1974), "Маңғыстау майданы" (1978), "Аманат" (1978), т.б.

романдарымен оқырман назарын өзіне ауд арды. Тарихи романдары. Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары — "Қаһар", "Алмас қылыш", "Жанталас" атты тарихи романдары. Тарихи романдар деп әткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі. Жазушы І. Есенберлин эзінің тарихи трилогиясында қазақ елінің ХҮ -ХІХ ғ.ғ. тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейді. Осы жолдағы қыруар қиындықты, ішкі қайшылықтарды, адам қатынастарын, олардың әрекеті мен мінез құлықтарын, сырт жаулармен шайқаста шыныққан бірлікті, дәстүрді, салт-сананы көрсетеді. Тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз әңгімелерге сүйене отырып, қаламгер қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасайды.

